Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық даму
министрінің
2021 жылғы «21» ақпан
№ 137 бұйрығымен
бекітілген

«Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н. Назарбаев орталығы» КеАҚ-тың Директорлар кенесі туралы
ЕРЕЖЕ

Нұр-Сұлтан қ., 2021 жыл

Мазмұны:

1. Жалпы ережелер 3
2. Директорлар кеңесі қызметінің мақсаттары мен қағидаттары 3
3. Директорлар кеңесінің құзыреті 4
4. Директорлар кеңесі мүшелерінің құрамы, оларды сайлау және өкілеттік мерзімі.....4
5. Директорлар кеңесінің торағасы 6
6. Директорлар кеңесінің мүшелері, олардың құқықтары, міндеттері мен жауаптылығы 7
7. Директорлар кеңесінің комитеттері 11
8. Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастыру 12
9. Директорлар кеңесінің отырыстарын шақыру 13
10. Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу орны мен уақытын өзгерту..... .. 15
11. Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу тәртібі 15
11.1. Директорлар кеңесінің отырысына қатысатын адамдардың кворумы және құрамы..... 15
11.2. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу сатысы 16
11.3. Директорлар кеңесінің шешімдер қабылдауы. 17
11.4. Директорлар кеңесі отырысының хаттамасы 19
11.5. Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауы 19
11.6. Директорлар кеңесінің шешімдерін сақтау және оның көшірмелерін ұсыну..... 21
12. Директорлар кеңесінің қызметін бағалау және жылдық есеп 21
13. Тәуелсіз директорларға сыйақы беру және олардың өз міндеттерін орындауына байланысты шығыстарды өтеу 24
14. Қорытынды ережелер 24
15. №1 қосымша .25
16. №2 қосымша 26
17. №3 қосымша 32
18. №4 қосымша 33
19. №5 қосымша 35
20. №6 қосымша 37

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н. Назарбаев орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н. Назарбаев орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Орталық) Жарғысына, сондай-ақ Орталықтың корпоративтік басқару кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес әзірленді.

2. Ереже Орталықтың басқару органы ретінде Директорлар кеңесі қызметінің рәсімдерін нақтылайды. Қоғамның Директорлар кеңесінің мәртебесін, қызметінің мақсаттары мен қағидаттарын, сайлау тәртібі мен құзыретін, Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктері мен жауаптылығын, Директорлар кеңесінің отырыстарын шақыру, өткізу, оның шешімдерін қабылдау және рәсімдеу, қызметіне бағалау жүргізу тәртібін айқындайды.

3. Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және Орталықтың Жарғысында Жалғыз акционер мен Қоғам Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Орталықтың қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын алқалы басқару органы болып табылады.

4. Директорлар кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасының заннамасын, жарғыны, осы Ережені, Кодексті, Орталықтың өзге де ішкі құжаттарын және Жалғыз акционердің шешімдерін басшылыққа алады.

5. Директорлар кеңесінің қызметі Жалғыз акционердің мүдделерін барынша сақтау және іске асыру, парасаттылық, тиімділік, белсенділік, адалдық, әділдік және орталықтың қызметі үшін жауаптылық қағидаттарына негізделеді.

2. Директорлар кеңесі қызметінің мақсаттары мен қағидаттары

6. Директорлар кеңесі қызметінің мақсаттары Орталықтың қызметіне жалпы басшылық ету, Орталықтың мүдделерін іске асыруды қамтамасыз ету және Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау, Орталық қызметінің қағидаттары мен нормаларын белгілеу, сондай-ақ Орталықтың Жалғыз акционер және басқа тұлғалар алдындағы міндеттемелерін түсінуін және сақтауын қамтамасыз ету болып табылады.

7. Директорлар кеңесі қызметінің мақсаттарын іске асыру үшін мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) Орталық қызметі туралы дұрыс және толық ақпаратты пайдалана отырып, мәселелерді алқалы және саралап талқылау негізінде шешімдер қабылдау;

2) Жалғыз акционер мен Орталықтың мүдделерін барынша сақтау және іске асыру, сондай-ақ Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау;

3) орталықтың мүддесі үшін барынша объективті шешімдер қабылдау;

4) парасаттылық, тиімділік, белсенділік, адалдық, адалдық және жауаптылық қағидаттарында қызметті жүзеге асыру;

5) Кодексте жазылған өзге де қағидаттар.

3. Директорлар кеңесінің құзыреті

8. Директорлар кеңесінің құзыретіне «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) және Орталықтың Жарғысында көзделген мәселелер жатады.

Директорлар кеңесі Директорлар кеңесі бекітетін тізбеге сәйкес Орталықтың ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекітеді.

9. Директорлар кеңесі Орталықтың Жарғысына сәйкес оның атқарушы органының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ. Директорлар кеңесінің Орталықтың ішкі қызметіне қатысты мәселелер жөніндегі шешімдерінің күші Жалғыз акционердің шешімімен жойылуы мүмкін.

10. Директорлар кеңесі Басқарма және Ішкі аудит қызметіннен ақпаратты, түсіндірмелер мен түсініктемелерді толық көлемде және уақтылы негізде алуға құқығы бар.

4. Директорлар кеңесі мүшелерінің құрамы, оларды сайлау және өкілеттік мерзімі

11. Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақылар мен шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатады.

12. Жалғыз акционердің Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы шешімін орындау үшін Орталықтың Басқарма төрағасы:

- Директорлар кеңесінің мемлекеттік қызметшілер болып табылатын мүшелерімен осы Ережеге № 1 қосымшаға сәйкес Орталықтың құпия ақпаратын жарияламау туралы міндеттемеге қол қояды;
- Директорлар кеңесінің мемлекеттік қызметші болып табылмайтын мүшелерімен осы Ережеге № 2 қосымшаға сәйкес редакцияда шарт жасасады.

13. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында белгіленеді.

14. Заңды тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды.

Басқарма торағасынан басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма торағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

15. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адамды құрауы тиіс. Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Егер директор

- Орталықтың үлестес тұлғасы болып табылмаған және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай тұлға болмаған (тәуелсіз директор лауазымында болған жағдайды қоспағанда);

- Орталықтың үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмаған;

- Орталықтың лауазымды адамдарына немесе Орталықтың үлестес тұлғаларына бағынышты болумен байланысты емес және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде сол тұлғаларғамен бағынышты болумен байланысты болмаған;

- Орталықтың аудиторы болып табылмаған және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай аудитор болмаған;

- аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде Орталықтың аудитіне қатыспаған және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған;

- мемлекеттік қызметші болып табылмаған жағдайда, ол тәуелсіз болып танылады.

16. Барлық директорлар оның Орталықтың тарихымен және қызметімен, Директорлар кеңесінің жұмыс тәртібімен, жылдық есептермен, Жалғыз акционердің шешімдерімен, Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамаларымен, Жарғымен және оның органдарының қызметін реттейтін өзге де ішкі құжаттармен, сондай-ақ басқа да ақпаратпен танысуын көздейтін Орталықтың ісімен танысу рәсімінен өту (іске кірісу) арқылы ресми түрде лауазымға кірісуге тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшесін Орталықпен таныстыру жөніндегі егжей-тегжейлі рәсімдер Орталықтың Директорлар кеңесі бекітетін тиісті ішкі құжатта белгіленеді.

17. Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері Орталықтың Директорлар кеңесі бекітетін тәртіпке сәйкес лауазымға кіріспе бағдарламасынан өтуді талап етуге құқылы.

18. Орталықтың Директорлар кеңесінің мүшелері үш жылдан аспайтын мерзімге сайланады, кейіннен қызметінің қанағаттанарлық нәтижелері жағдайында тағы үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлануға жол беріледі.

Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан астам мерзімге сайланудың кез келген мерзімі Директорлар кеңесінің құрамын сапалық жағынан жаңарту қажеттілігі ескеріле отырып, ерекше қаралуға тиіс.

Бір адамға Орталықтың Директорлар кеңесіне қатарынан тоғыз жылдан астам сайлану ұсынылмайды. Ерекше жағдайларда, тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, бұл ретте Орталықтың Директорлар кеңесіне мұндай адамды сайлау Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлаудың қажеттілігін және осы фактордың шешімдер қабылдау тәуелсіздігіне әсерін егжей-тегжейлі түсіндіре отырып, жыл сайын немесе Орталықтың Жалғыз акционері айқындаған өзге мерзімде өткізіледі.

Өзінің тағайындалуына, сайлануына және қайта сайлануына байланысты шешімдер қабылдауға бір де бір адам қатыспайды.

19. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жеке-леген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесінің (Директорлар кеңесі мүшесінің) өкілеттік мерзімі Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің жаңа құрамын (Директорлар кеңесінің мүшесін) сайлаған күннен бастап аяқталады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесінің төрағасы аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Жалғыз акционердің шешімімен жүзеге асырылады, бұл ретте Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.

5. Директорлар кеңесінің төрағасы

20. Егер Орталықтың Жарғысында өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы оның мүшелері арасынан сайланады. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді.

21. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесіне жалпы басшылық жасауға жауап береді, Директорлар кеңесінің негізгі функцияларының толық және тиімді іске асырылуын және Директорлар кеңесінің мүшелерінің, Жалғыз акционердің және Орталық басқармаларының арасында сындарлы диалогтың құрылуын қамтамасыз етеді.

22. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Орталықтың Жарғысында белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесінің төрағасы:

1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;

2) Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және оларда төрағалық етеді;

3) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін қалыптастыруды

қамтамасыз етеді;

4) Директорлар кеңесі мүшелерінің шешімдер қабылдау үшін толық және өзекті ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз етеді, отырыстарда хаттаманың жүргізілуін ұйымдастырады және оның талқылауларға және Директорлар кеңесінің отырысында қабылданған шешімдерге сәйкестігін қамтамасыз етеді;

5) күн тәртібіндегі мәселелерді талқылау, жан-жақты және терең қарау, ашық талқылауды ынталандыру, келісілген шешімдерге қол жеткізу үшін жеткілікті уақыт бөлу арқылы Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізудің барынша нәтижелі болуын қамтамасыз етеді;

6) негізгі стратегиялық шешімдерді қабылдау кезінде консультацияларды ұйымдастыруды қамтитын Жалғыз акционермен тиісті коммуникацияны және өзара іс-қимылды құруды ұйымдастырады;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға, Кодекске және Орталықтың өзге де ішкі құжаттарына сәйкес Директорлар кеңесінің өз міндеттерін орындауын қамтамасыз етеді;

8) Жалғыз акционердің шешімдері мен тапсырмаларын Директорлар кеңесінің өзге мүшелерінің назарына жеткізеді, Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер қабылдаған шешімдердің тиісінше орындалуына мониторинг жүргізуді және қадағалауды қамтамасыз етеді;

9) корпоративтік қақтығыстар туындаған жағдайда, оларды шешу және ұйым қызметіне теріс әсерін барынша азайту жөнінде шаралар қабылдауды және мұндай жағдайларды өз күшімен шешу мүмкін болмаған жағдайда, Жалғыз акционерді уақтылы хабардар етуді қамтамасыз етеді;

10) Орталықтың атынан оны тағайындау туралы шешімде және Орталықтың ішкі құжаттарында белгіленген талаптарда Басқарма төрағасымен еңбек шартын жасасады;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Орталықтың Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

23. Директорлар кеңесінің төрағасы уақытша болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің аталған отырысқа қатысушы мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданған Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

6. Директорлар кеңесінің мүшелері, олардың құқықтары, міндеттері мен жауаптылығы

24. Директорлар кеңесінің мүшесі:

1) Орталықтың Директорлар кеңесі мүшесінің функцияларын, оның ішінде қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын функцияларын жүзеге асыру үшін Орталықтың қызметі туралы ақпаратты сұрауға және алуға, Орталықтың барлық ішкі құжаттарымен танысуға, қажет болған жағдайда Басқарма мен ішкі аудит қызметінен сұратылған ақпарат бойынша түсініктеме немесе түсіндірме беруді талап етуге;

2) Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарын құру кезінде жазбаша ұсыныстар енгізуге;

3) белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртібіне мәселелер енгізуге;

4) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

5) Директорлар кеңесінің қатысу тәртібінде немесе сырттай өткізілетін отырыстарында қаралатын мәселелер бойынша өз пікірін білдіруге;

6) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі бойынша қосымша құжаттар мен ақпаратты сұратуға;

7) Директорлар кеңесінің аталған мүшесінің күн тәртібі мәселелері бойынша дауыс беру қорытындыларын көрсетуден басқа, Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына күн тәртібіндегі мәселелер және қабылданатын шешімдер бойынша өзінің ерекше пікірін енгізуді талап етуге;

8) лауазымға кірісіне бағдарламасын алуды талап етуге;

9) Жалғыз акционердің шешімдерімен, сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамаларымен және олардың шешімдерімен, Басқарма мен Директорлар кеңесі комитеттері (бар болған кезде) отырыстарының хаттамаларымен, аудиторлық қорытындылармен танысуға;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Орталықтың жарғысында, осы Ережеде және Орталықтың өзге де ішкі құжаттарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

25. Директорлар кеңесінің мүшесі:

1) өз құқықтары мен өкілеттіктері шегінде Орталықтың және Жалғыз акционердің мүдделері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтай отырып, адал, парасатты түрде және әділ әрекет етуге;

2) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Орталықтың Жарғысының және өзге де ішкі құжаттарының талаптарын ескере отырып, өз міндеттерін орындауға;

3) Орталықтың Жарғысында және өзге де ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен Директорлар кеңесі мен оның комитеттері (бар болған кезде) отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беруге;

4) Орталықтың Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің (бар болған кезде) қатысу тәртібінде өтетін отырыстарына қатысуға, сондай-ақ Директорлар кеңесіне сырттай дауыс беру үшін өзінің жазбаша пікірлері мен бюллетендерін ұсынуға;

5) алдын ала, күнтізбелік 3 (үш) күннен кешіктірмей, Орталықтың корпоративтік хатшысына оның себептерін көрсете отырып, Орталықтың Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтындығы туралы хабарлауға;

6) Жалғыз акционердің, Орталықтың Директорлар кеңесінің және оның төрағасының тапсырмаларын орындауға;

7) Орталықтың Директорлар кеңесі және оның төрағасы атынан Орталықтың Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша

ақпаратты және Орталықтағы жағдайды талдауға, мұндай талдау нәтижелерін қорытынды түрінде ұсынуға;

8) Орталықтың Директорлар кеңесінің және (немесе) оның комитеттерінің (бар болған жағдайда) отырыстарына тиісті түрде дайындалуға, атап айтқанда: Директорлар кеңесінің күн тәртібіндегі материалдармен алдын ала танысуға, қажетті ақпарат жинауды және талдауды жүзеге асыруға, өзінің қорытындыларын, тұжырымдарын, ұсынымдарын дайындауға;

9) шешімдер қабылдау кезінде Орталық үшін және (немесе) Жалғыз акционер үшін тәуекелдер мен қолайсыз салдарларды бағалауға;

10) Орталықтың Директорлар кеңесі торағасының талап етуі бойынша Директорлар кеңесі мүшесінің білігіндегі және Орталықтың директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелер шегінде кез келген ақпаратты беруге;

11) Орталықтың мүлкін және мүмкіндіктерін өзінің жеке мақсаттарында пайдаланбауға;

12) мүдделер қақтығысын болдырмау үшін мынадай қағидалар мен талаптарды сақтауға:

- Орталықтың Директорлар кеңесінің торағасына Орталықпен байланысты мәмілелерде, жобаларда кез келген жеке коммерциялық немесе өзге де мүдделілік (тікелей немесе жанама) туралы, сондай-ақ үлестестіктің туындауы және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Директорлар кеңесі мүшесінің өз функцияларын жүзеге асыруға кедергі келтіретін басқа да мән-жайлар туралы дереу жазбаша хабарлауға;

- оның мүдделері мен Орталықтың мүдделері арасындағы қақтығыстың туындауына әкеп соғатын немесе әкелуге ықтимал қабілетті іс-әрекеттерден аулақ болуға, ал қақтығыс туындаған жағдайда Директорлар кеңесінің төрағасына мүдделер қақтығысының болуы туралы ақпаратты дереу хабарлауға;

- өзіне (немесе олармен байланысты адамдарға) қатысты, әрі басқа адамдарға да қатысты мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін жағдайларға жол бермеуге;

- Директорлар кеңесі мүшесінің жеке мүдделілігі бар мәселелер бойынша, шешімдер қабылдауда, осындай мүдделілік фактісін және оның туындау негізін Орталықтың Директорлар кеңесіне аша отырып, дауыс беруден қалыс қалуға;

- жеке немесе заңды тұлғалардан жалпы қабылданған іскерлік қағидаларына сәйкес ресми іс-шараларды өткізу кезінде мезіреттік ілтипат көрсету белгілерінен немесе қәдесыйлардан басқа, Директорлар кеңесі мүшесінің қабылдаған шешімдері немесе жасаған іс-әрекеттері үшін сыйақы ретінде қаралатын немесе соны білдіретін сыйлықтарды, көрсетілетін қызметтерді немесе кандай да бір артықшылықтарды алмауға;

- Орталықтың құпия ақпаратын және Директорлар кеңесінің мүшесіне өз міндеттерін орындауына байланысты белгілі болған өзге де ақпаратты (жалпыға қолжетімді ақпаратты қоспағанда), Орталықта жұмыс істемейтін, Жалғыз акционердің уәкілетті өкілдері болып табылмайтын және (немесе) мұндай ақпаратты алуға рұқсат берілмеген үшінші адамға жария етпеуге,

сондай-ақ оны Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындау кезеңінде де, Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері тоқтатылғаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде де өз мүдделерінде немесе үшінші адамның мүддесінде пайдаланбауға;

- Орталықтың үй-жайларында жұмыс істеген кезде Орталықтың ішкі құжаттарында көзделген және Орталықтың қауіпсіздік режиміне және Орталықтың құпия ақпаратының сақталуына байланысты қағидалар мен рәсімдерді сақтауға;

- Орталықпен бәсекелес ұйымдарды және Орталық активтерінің сабақтас құрылымына кіретін ұйымдарды құрмауға, оларға қатыспауға;

13) Кодекстің ережелерін сақтауға;

14) Директорлар кеңесінің мемлекеттік қызметшілер болып табылатын мүшелерін қоспағанда, Директорлар кеңесімен оны басқа акционерлік қоғамның органдарына сайлау немесе басқа ұйымға жұмысқа қабылдау мүмкіндігін келісуге;

15) Директорлар кеңесінің төрағасына 2 (екі) күн ішінде нәтижесінде өзінің тәуелсіз директор болуын тоқтататын мән-жайлардың өзгергені туралы хабарлауға;

16) мынадай:

- негізгі жұмыс орны (заңды тұлғаның толық атауын, заңды мекенжайын көрсете отырып) және атқаратын лауазымы, басқа да қоса атқаратын лауазымдары, сондай-ақ негізгі жұмыс орны бойынша өзгерістер;

- төлқұжат деректері (құжаттың сериясы, нөмірі, кім және қашан берген), азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі;

- пошталық мекенжайы, электрондық мекенжайы, байланыс телефондары;

- олардың санын, сондай-ақ оларды сату және (немесе) сатып алу туралы көрсете отырып, басқа заңды тұлғалардың өзіне тиесілі акциялары (қатысу үлестері) туралы ақпаратты;

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Орталық талап ететін өзге де қажетті ақпаратты корпоративтік хатшының назарына жеткізуге;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Орталықтың Жарғысында және өзге де ішкі құжаттарында көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

26. Орталықтың Басқарма төрағасы мен оның мүшелері, Орталықтың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары және өзге де лауазымды адамдары Директорлар кеңесі мүшесінің тиісті жазбаша сұрау салуы бойынша 5 (бес) жұмыс күні ішінде оған Директорлар кеңесі мүшесінің өз функцияларын орындауы үшін қажетті Орталыққа қатысты ақпаратты (тиісті құжаттарды, материалдарды) беруге немесе көрсетілген мерзімде ақпарат берудің мүмкін болмау себебін көрсете отырып, жазбаша түрде уәжді түсініктеме беруге міндетті. Қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты

(құжаттарды, материалдарды) беру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

27. Директорлар кеңесінің мүшесі іс-әрекеттерінен және (немесе) әрекетсіздігінен келтірілген зиян үшін және қоғамға келтірілген залалдар үшін:

1) қателесуге әкеп соқтыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзу;

3) олардың жосықсыз іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, оның ішінде олардың не олардың үлестес тұлғаларының Орталықпен осындай мәмілелер жасасу нәтижесінде пайда (табыс) табу мақсатында, Орталыққа зиян келтіруге әкеп соқтырған ірі мәмілелерді және (немесе) жасалуына мүдделілік болған мәмілелерді жасасуды ұсыну және (немесе) жасасу туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде келтірілген залалдар үшін Орталық пен Жалғыз акционер алдында Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жауапты болады.

28. Орталық Жалғыз акционердің шешімі негізінде Директорлар кеңесінің мүшесіне қатысты оның Орталыққа келтірген зиянды не залалдарды өтеуі туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

29. Директорлар кеңесінің мүшесі, егер Директорлар кеңесі қабылдаған, Орталыққа не Жалғыз акционерге залал келтіруге әкеп соқтырған шешімге қарсы дауыс берсе немесе дәлелді себептермен дауыс беруге қатыспаса, жауаптылықтан босатылады.

7. Директорлар кеңесінің комитеттері

30. Елеуір маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуы мүмкін.

Орталықта мынадай мәселелерді қарайтын Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуы мүмкін:

1) стратегиялық жоспарлау;

2) ішкі аудит;

3) кадрлар және сыйақылар;

4) әлеуметтік мәселелер бойынша;

5) Директорлар кеңесінің қалауы бойынша өзге де комитеттер.

Ішкі аудит мәселелерін Директорлар кеңесінің мүшелерінен ғана тұратын Директорлар кеңесінің жеке комитеті қарайды. Қалған мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитеттерінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

31. Директорлар кеңесінің комитеттері Орталықтың Директорлар кеңесінің құзыреті саласына кіретін мәселелерді терең пысықтау және

Орталықтың Директорлар кеңесі мен Басқармасына қажетті ұсынымдарды әзірлеу үшін құрылады. Комитеттің Директорлар кеңесінің атынан әрекет етуге құқығы жоқ. Комитеттің қорытындысы ұсынымдық сипатта болады.

32. Комитеттерді Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелерінен құрады, олардың біреуін (тәуелсіз директорды) комитеттің төрағасы етіп, сондай-ақ нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіптік білімі бар сарапшыларды тағайындайды. Комитет мүшелерінің өкілеттік мерзімдері олардың Директорлар кеңесінің мүшелері ретіндегі өкілеттік мерзімдерімен сәйкес келеді.

Басқарма төрағасы комитеттің төрағасы бола алмайды.

33. Директорлар кеңесінің комитеттері орталықтың атынан дербес әрекет ете алмайды.

34. Комитеттердің қызметі Директорлар кеңесі бекітетін және комитет мүшелерінің құзыретін, оларды сайлау тәртібін, олардың жұмыс тәртібін, сондай-ақ олардың мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін айқындайтын ережелермен реттеледі. Жалғыз акционер комитеттер туралы ережелермен танысуға құқылы.

35. Комитет төрағасынан, оның мүшелерінен және хатшыдан басқа ешкімнің комитеттердің отырыстарына қатысуға құқығы жоқ. Комитеттердің отырыстарына басқа адамдардың қатысуына тиісті комитеттің шақыруы бойынша ғана жол беріледі.

36. Директорлар кеңесінің жыл ішінде кез келген уақытта комитеттерден олардың ағымдағы қызметі туралы есеп беруді талап етуге құқығы бар. Мұндай есепті дайындау және ұсыну мерзімдерін Директорлар кеңесі айқындайды.

37. Директорлар кеңесі және оның комитеттері, егер Орталықтың тиісті жылға арналған бюджетінде тиісті қаражат көзделген жағдайда, белгіленген тәртіппен сыртқы сарапшылар мен консультанттардың қызметтерін пайдалануға құқылы.

38. Комитеттің жұмысын ұйымдастыру үшін комитет немесе Директорлар кеңесі корпоративтік хатшылар қызметі (болған жағдайда) немесе Орталықтың Басқармасы қызметкерлерінің арасынан комитеттің хатшысын тағайындайды. Комитет хатшысы комитет отырыстарын дайындауды, отырыстарға материалдарды жинауды және жүйелеуді, комитет мүшелері мен шақырылған адамдарға комитет отырыстарын өткізу туралы хабарламаларды, отырыстардың күн тәртібін, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды уақтылы жіберуді, отырыстарды хаттамалауды, комитет шешімдерінің жобаларын дайындауды, сондай-ақ барлық тиісті материалдардың кейіннен сақталуын қамтамасыз етеді.

39. Орталықтың Басқарма төрағасы және корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі комитеттерінің мүшелеріне Орталықтың ақпаратына (құжаттарына, материалдарына) қол жеткізуін қамтамасыз етуге міндетті.

Комитеттердің төрағалары жыл сайын Жалғыз акционер алдында Директорлар кеңесінің жылдық есебіне енгізу үшін комитеттің жұмысы туралы

есеп беру ақпаратын ұсынады.

8. Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастыру

40. Директорлар кеңесі жыл сайын желтоқсаннан кешіктірілмейтін мерзімде ұтымдылық, тиімділік және тұрақтылық қағидаттары негізінде отырыстарды өткізу кестесі бар осы Ережеге № 3 қосымшаға сәйкес нысан бойынша өзінің жұмыс жоспарын әзірлейді және бекітеді.

Директорлар кеңесінің отырыстары тұрақты түрде, бірақ жылына алты реттен сиретпей өткізілуі керек.

41. Қажет болған жағдайда Директорлар кеңесі жұмыс жоспарына енгізілмеген мәселелерді қарауы мүмкін.

42. Орталықтың корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесінің тиімді қызметін қамтамасыз етеді. Корпоративтік хатшының мәртебесі, функционалдық міндеттері, өкілеттіктері және қызметтерінің өзге де мәселелері Директорлар кеңесі бекітетін ережелерде айқындалады.

Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысушылардың келуін және тіркелуін, конференция залын дайындауды, телефонмен және бейне байланыспен, жазба құралдарымен қамтамасыз етуді және басқа да ұйымдастырушылық іс-шараларын жүргізуді корпоративтік хатшы Орталықтың Басқарма төрағасымен бірлесіп қамтамасыз етеді.

9. Директорлар кеңесінің отырыстарын шақыру

43. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Басқарманың бастамасы бойынша не:

1) Жалғыз акционердің;

2) Директорлар Кеңесінің кез келген мүшесінің;

3) Орталықтың аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;

4) Орталықтың ішкі аудит қызметінің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

44. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына отырысты шақыруға бастамашы қол қойған және мыналарды:

- Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі мен нысанын;
- мәселелерді Директорлар кеңесінің қарауына шығару негіздемесін;
- күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдер жобаларын қамтитын тиісті жазбаша хабарды жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Басқармаға жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он

күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып, өткізіледі.

45. Директорлар кеңесінің (қатысу тәртібінде және сырттай) отырысын шақыру туралы хабарлама Директорлар Кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге (сырттай дауыс беру үшін дауыстарды санау күніне) дейін 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жіберіледі.

Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама жіберілген күнге дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде барлық қажетті материалдарды олардың бастамашылары бір мезгілде қағаз және электрондық түрде Корпоративтік хатшыға ұсынады. Әзірлеуші бөлімшелердің материалдарды көрсетілген мерзімде уақтылы ұсынбауы және (немесе) оларды тиісінше ұсынбауы мәселені отырыстың күн тәртібінен алып тастау үшін негіз бола алады.

46. Орталықтың қызметіне әсер ететін қандай да бір мәселелерді шұғыл шешу қажеттілігі туындаған жағдайда, хабарламаны қажетті материалдармен бірге жіберу мерзімі күнтізбелік 3 (үш) күнге дейін қысқартылуы мүмкін.

47. Хабарламада мыналар қамтылуы тиіс:

1) отырыстың өткізілетін күні, орны және уақыты;

2) отырысты өткізу нысаны (қатысу тәртібінде, сырттай).

48. Хабарламаға міндетті тәртіппен:

1) отырыстың күн тәртібі;

2) мынадай талаптарға сәйкес келетін түсіндірме жазбалар:

- шығарылатын мәселенің мәні қысқаша және нақты жазылады;

- мәселені шығарудың негізі мен қажеттілігі көрсетіледі (нормативтік құқықтық актілерге, Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің шешімдеріне, Орталықтың Жарғысы мен өзге де ішкі құжаттарына сілтеме жасай отырып және т. б.);

- Басқарманың, сондай-ақ Директорлар кеңесі комитеттерінің (бар болған кезде) шығарылатын мәселені алдын ала мақұлдау туралы шешімдері көрсетіледі;

- егер шешім қабылдау қаржылық шығындарға әкеп соғатын болса, олар бойынша негіздемелер Орталықтың бекітілген бюджетіне сілтеме жасала отырып, ұсынылады;

- қосымшалар болған жағдайда, қосымшадағы парақтар саны көрсетіледі;

3) құжаттардың жобалары;

4) Директорлар кеңесі шешімдерінің жобалары;

5) Басқарма хатшысы қол қойған және Орталықтың мөрімен (бар болған кезде) расталған Басқарма шешімдерінен үзінді көшірмелер;

6) сырттай дауыс беру өткізілген жағдайда, Орталықтың Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру бюллетені;

7) қажет болған кезде өзге де құжаттар (таныстырылымдар, мемлекеттік органдардың немесе заңды тұлғалардың хаттарының көшірмелері,

салыстырмалы кестелер және т.б.) қоса беріледі.

Түсіндірме жазбаға және Директорлар кеңесі шешімдерінің жобаларына мәселені шығару бастамашысы және/немесе Басқарма төрағасы және қажет болған жағдайда Орталықтың басқа да адамдары (Басқарма төрағасының қалауы бойынша) қол қоюға тиіс.

49. Орталықтың органдарын сайлау, корпоративтік хатшыны, ішкі аудит қызметінің басшысы мен мүшелерін тағайындау мәселелері жөніндегі материалдарда Орталықтың ішкі құжаттарында көрсетілген ұсынылатын кандидаттар туралы ақпарат қамтылуы тиіс.

Ірі мәміле және (немесе) жасалуына мүдделілік болған мәмілені жасасу туралы шешім қабылдау туралы мәселе қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің орындалу мерзімдері мен талаптары, тартылған адамдардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ Заңның 69-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда бағалаушының есебі қамтылуға тиіс.

50. Отырысты өткізу туралы хабарлама, сондай-ақ оған қоса берілетін қажетті материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне қолма-қол немесе директорлар кеңесі мүшелерімен келісу бойынша оларға ыңғайлы өзге де тәсілмен (оның ішінде пошта, факсимильдік, электрондық немесе өзге де байланысты пайдалану арқылы) жіберілуі мүмкін.

51. Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдарды түпкілікті қалыптастыруды корпоративтік хатшы жүзеге асырады.

10. Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу орны мен уақытын өзгерту

52. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің мүшелері хабардар етілген жерде немесе уақытта өткізу мүмкін болмайтын немесе қиындық туғызатын мән-жайлар туындаған кезде жоспарланған күн тәртібі бойынша отырыс өзге жерде және (немесе) өзге уақытта өткізілуі мүмкін.

53. Директорлар кеңесі отырысының орнын немесе уақытын өзгерту туралы Директорлар кеңесінің барлық мүшелерін корпоративтік хатшы алдын ала (кемінде 4 сағат бұрын) хабардар етуге тиіс.

Отырыстың орнын немесе уақытын өзгерту туралы хабарлама Директорлар кеңесінің мүшелеріне қолма-қол немесе Директорлар кеңесінің мүшелерімен келісу бойынша Директорлар кеңесі мүшесінің хабарлама немесе ақпарат алуына кепілдік беретін олар үшін ыңғайлы өзге де тәсілмен жіберілуі мүмкін.

11. Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу тәртібі

11.1. Директорлар кеңесінің отырысына қатысатын адамдардың кворумы және құрамы

54. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум техникалық байланыс құралдарын (бейнеконференция сеансы, конференция байланысы режимі және өзге де) пайдаланатын Директорлар кеңесінің мүшелерін қоса алғанда, Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысын құрайды.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша кворумды және дауыс беру нәтижелерін айқындау кезінде Орталықтың Директорлар кеңесінің отырысында болмаған Орталықтың Директорлар кеңесі мүшесінің жазбаша пікірі де ескеріледі.

55. Кворумның болуын отырыс басталар алдында Директорлар кеңесінің төрағасы айқындайды.

Кворум болмаған жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ауыстырылуы туралы хабарлайды.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворумға жету үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі Жалғыз акционерге Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау туралы өтініш жасауға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері аталған өтінішті Жалғыз акционерге жіберу туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

56. Директорлар кеңесі мүшесінің Директорлар кеңесінің отырысына жеке өзі (оның ішінде техникалық байланыс құралдарын қолдана отырып) қатысуға мүмкіндігі болмаған жағдайларда, ол күнтізбелік 3 (үш) күннен кешіктірмей бұл туралы корпоративтік хатшыны хабардар етуге міндетті. Олардың қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуына Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей өз пікірін жазбаша нысанда ұсыну арқылы жол беріледі.

Директорлар кеңесі мүшесінің жазбаша пікірі осы Ережеге № 4 қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады және Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелердің әрқайсысы бойынша Директорлар кеңесі мүшесінің (жақталы, қарсы немесе қалыс қалған) нақты жазылған пікірін қамтуы тиіс. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған мүшесінің жазбаша пікірі отырыс хаттамасының ажырамас бөлігі болып табылады.

Егер жазбаша пікірде Директорлар кеңесінің мүшесі күн тәртібінің ең болмағанда бір мәселесі бойынша дауыс берудің (жақтады, қарсы, қалыс қалды ықтимал нұсқаларының біреуін көрсетпесе), сондай-ақ жазбаша пікір белгіленген мерзімнен кеш ұсынылған жағдайда, мұндай жазбаша пікір Директорлар кеңесінің отырысында ескерілмейді. Бұл ретте, Директорлар кеңесінің мүшесі дауыс беруге қатыспаған болып есептеледі.

57. Директорлар кеңесінің отырысы отырысты өткізу туралы талап енгізген адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

Директорлар кеңесінің отырыстарына оның төрағасының бастамасы бойынша өзге де адамдар (Басқарма мүшелері, Орталықтың жұмыскерлері, Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері және т.б.) шақырылуы мүмкін.

58. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдай алады.

11.2. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу сатысы

59. Директорлар кеңесінің отырысы кворум болған кезде хабарламада көрсетілген уақытта басталады және оны Директорлар кеңесінің төрағасы немесе отырыста төрағалық ететін Директорлар кеңесінің өзге де мүшесі ашады.

60. Директорлар кеңесінің төрағасы немесе отырыста төрағалық ететін Директорлар кеңесінің мүшесі қатысушыларға Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворумның бар екендігі туралы хабарлайды және Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін жария етеді.

61. Директорлар кеңесінің отырысы:

1) күн тәртібін бекітуді;

2) күн тәртібінің мәселелерін қарауды:

- Директорлар кеңесі мүшесінің немесе шақырылған адамның күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша баяндама жасауын;

- Директорлар кеңесі мүшелерінің құрамы арасынан оппоненттің мәселе бойынша өзі ұсынған шешім жобасын ұсына отырып, күн тәртібінің мәселесі бойынша сөз сөйлеуі (күн тәртібінің мәселесі бойынша не аталған мәселе бойынша шешім жобасы жөнінде ескертулері болған кезде);

- күн тәртібіндегі мәселені талқылауды;

-күн тәртібіндегі мәселе бойынша шешімнің жобасы жөніндегі ұсыныстарды талқылауды;

- күн тәртібі мәселесі бойынша дауыс беру нұсқаларын;

3) дауыс беруді және дауыс беру қорытындылары мен қабылданған шешімді жария етуді қамтиды.

62. Бір отырыс (қатысу тәртібінде немесе сырттай) шеңберінде Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелердің жалпы саны он екіден аспауы тиіс.

63. Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі отырысқа қатысқандар санының көпшілік даусымен бекітіледі. Директорлар кеңесінің отырысында шешімдер тек осы отырыстың күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша қабылданады.

64. Мәселені күн тәртібіне енгізу бастамашысы шешім қабылданғанға дейін кез келген уақытта өз мәселесін күн тәртібінен алып тастауға құқылы, бұл міндетті түрде хаттамала тіркеледі.

65. Күн тәртібінде «әртүрлі», «өзге де», «басқалар» деген сөздерді қоса алғанда, жалпылама ұғымдағы тұжырымдамаларды және осыған ұқсас тұжырымдамаларды пайдалануға тыйым салынады.

66. Директорлар кеңесінің қатысу тәртібіндегі отырысы барысында күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізілуі және қаралуы мүмкін, Директорлар

кеңесі отырысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізу туралы шешім отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

67. Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған кезде қосымша материалдар осы Ереженің 44-тармағында белгіленген мерзімде жіберілетін жағдайларды қоспағанда, Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін өзгертуге немесе толықтыруға болмайды.

11.3. Директорлар кеңесінің шешімдер қабылдауы

68. Директорлар кеңесі күн тәртібі бойынша шешімдерді:

1) қатысу тәртібінде дауыс беру (оның ішінде қауіпсіз платформаларды пайдалана отырып, бейнеконференция режимінде);

2) сырттай дауыс беру арқылы қабылдайды.

69. Осы Ереженің 70-тармағында көрсетілген мәселелерді қоспағанда, сондай-ақ қатысу тәртібіндегі отырысты өткізу мүмкін болмаған жағдайларда (төтенше жағдайды, төтенше ахуалды, карантиндік шектеулерді және тағы да сол сияқтыларды жариялау) Директорлар кеңесінің сырттай отырыстарын пікірталас сипаттағы емес мәселелер бойынша өткізуге жол беріледі.

70. Айрықша Директорлар кеңесінің қатысу тәртібіндегі отырыстарында қаралатын мәселелердің тізбесі:

1) Орталық қызметінің басым бағыттарын айқындау;

2) Орталықтың облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау;

3) Орталықтың басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) он және одан да астам пайызын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдауы, сондай-ақ олардың қызметі мәселелері бойынша шешімдер қабылдауы;

4) Орталықтың міндеттемелерін оның меншікті капиталының он немесе одан да астам пайызы мөлшері шамасында ұлғайту;

5) Басқарманың және/немесе Орталық жұмыскерлерінің алаяқтық, ұрлық немесе өкілеттіктерін асыра пайдалану фактілері анықталған ішкі аудиттің аудиторлық есебі.

71. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беру құқығын өзге адамға, оның ішінде Директорлар кеңесінің басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді.

72. Директорлар кеңесінің шешімдері оның отырысқа қатысатын немесе сырттай дауыс беруге қатысатын мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен (Директорлар кеңесінің болмаған мүшелерінің жазбаша пікірлері ескеріле отырып) қабылданады.

73. Жазбаша пікір болған кезде Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің отырысында болмаған Директорлар кеңесі мүшесінің жазбаша пікірін осы пікір ұсынылған күн тәртібінің мәселесі бойынша дауыс

беру басталғанға дейін жария етеді.

Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің отырысына қатысқан жағдайда, отырыс өткізілгенге дейін алынған оның жазбаша пікірі отырыста жария етілмейді және кворум мен дауыс беру нәтижелерін айқындау кезінде ескерілмейді.

74. Дауыс беруге қатысқан Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыстары тең болған кезде Директорлар кеңесі төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

75. Орталықтың мүдделі тараптармен жасалуына мүдделілік болған мәмілені жасасуы туралы шешім оны жасасуға мүдделі емес Директорлар кеңесі мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.

Мүдделілігі болған кезде талқылауға және дауыс беруге қатыспайтын Директорлар кеңесі мүшесінің мүдделілігін айқындау өлшемшарты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.

76. Орталықтың жасалуына мүдделілік болған және Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәмілелерді жасасуы туралы шешімді Жалғыз акционер мынадай жағдайларда қабылдайды:

1) егер Орталықтың Директорлар кеңесінің барлық мүшелері мүдделі болса;

2) Директорлар кеңесінің шешім қабылдау үшін қажетті дауыстар санының болмауына байланысты мұндай мәмілені жасасу туралы шешім қабылдау мүмкін болмаса;

3) егер мәміле ірі болса.

11.4. Директорлар кеңесі отырысының хаттамасы

77. Директорлар кеңесінің қатысу тәртібінде өткізілген отырысында қабылданған шешімдері корпоративтік хатшы жасайтын және және отырыста төрағалық еткен адам қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

78. Директорлар кеңесі отырысының хаттамасы ол өткізілгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жасалады және Директорлар кеңесінің отырыска қатысқан мүшелеріне қол қою үшін кезекпен жіберіледі. Директорлар кеңесінің мүшелері хаттамаға барынша қысқа мерзімде қол қояды.

78. Хаттамада мыналар:

1) Орталықтың атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;

2) отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны;

3) отырыска қатысқан адамдар туралы мәліметтер;

4) кворумның болуы;

5) отырыстың күн тәртібі;

6) дауыс беруге қойылған мәселелер және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің, отырыстың күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген, оның қолымен расталған дауыс беру қорытындылары;

7) қабылданған шешімдер;

8) күн тәртібі бойынша жазбаша хабар жіберу арқылы Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беруі туралы жазба (мұндай болған жағдайда);

9) Директорлар кеңесі мүшелерінің ерекше пікірі (бар болған кезде);

10) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер қамтылады.

80. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі отырыстарының стенограммасын жүргізуді ұйымдастыруға, сондай-ақ отырыстың аудиожазбасын жүргізуге құқылы.

11.5. Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауы

81. Отырыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша сырттай дауыс беру үшін осы Ережеге № 5 қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған бюллетеньдер пайдаланылады.

82. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень Директорлар кеңесінің мүшелеріне осы Ережеде белгіленген мерзімде қолма-қол немесе Директорлар кеңесінің мүшелерімен келісу бойынша оларға ыңғайлы өзге тәсілмен (оның ішінде пошта, факсимильдік, электрондық немесе өзге де байланысты пайдалану арқылы) жіберіледі.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде мыналар:

1) Орталық Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;

2) отырысты өткізу бастамашысы туралы мәліметтер;

3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді ұсынудың соңғы күні мен уақыты;

4) сырттай дауыс беру үшін дауыстарды санау күні;

5) отырыстың күн тәртібі;

6) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша «жақтады», «қарсы» және «қалыс қалды» деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқалары;

7) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібінің түсіндірмесі;

8) «қарсы» немесе «қалыс қалды» деп дауыс беру жағдайында, отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ерекше пікір білдіру қажеттігі туралы белгі қамтылуға тиіс.

83. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге Директорлар кеңесінің мүшесі қол қоюға тиіс. Дауыстарды санау кезінде Директорлар кеңесінің мүшесі бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасын белгілеген мәселелер бойынша дауыстар есептеледі. Бюллетеньдер Орталықтың орналасқан жері бойынша дауыс берудің соңғы күні 17 сағат 00 минуттан кешіктірілмей берілуге тиіс.

84. Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерге сәйкес кворум болған кезде шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданды деп танылады. Шешімді

сырттай дауыс беру арқылы корпоративтік хатшы жазбаша түрде ресімдеуі және сырттай дауыс беру үшін дауыстарды санаудың белгіленген күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Директорлар кеңесінің төрағасына қол қоюға беруі тиіс және онда:

1) Орталық Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;

2) сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімді жазбаша ресімдеу күні мен орны;

3) Директорлар кеңесінің құрамы туралы мәліметтер;

4) отырысты шақыруды жүзеге асырған адамды (органды) көрсету;

5) отырыстың күн тәртібі;

6) шешім қабылдау үшін кворумның болуы немесе болмауы туралы жазба;

7) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру қорытындылары және қабылданған шешімдер;

8) өзге де кажетті мәліметтер қамтылуы тиіс.

11.6. Директорлар кеңесінің шешімдерін сақтау және көшірмелерін ұсыну

85. Корпоративтік хатшы атқарушы органның орналасқан жері бойынша Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамаларын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді сақтауды қамтамасыз етеді.

85. Қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің мүшелеріне, оның ішінде Директорлар кеңесінің тапсырмаларын орындау үшін Орталықтың Басқарма төрағасына хаттаманың және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімнің көшірмесін жіберуге тиіс.

87. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша 3 (үш) жұмыс күні ішінде оған корпоративтік хатшының қолымен расталған хаттама мен шешімдердің үзінді көшірмелерін беруге міндетті.

12. Директорлар кеңесінің қызметін бағалау және жылдық есеп

88. Бағалау Директорлар кеңесінің және оның жеке мүшелерінің кәсібилігін арттырудың негізгі құралдарының бірі болып табылады. Бағалауды жүргізу тәуелсіз директорлар үшін де, Жалғыз акционердің өкілдері үшін де ұсынылады.

Бағалауды жүргізу тұрақтылық, кешенділік, үздіксіздік, шынайылық, құпиялылық сияқты өлшемдерге сәйкес келуі тиіс.

89. Бағалау мынадай мәселелерді қарауды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді:

1) Директорлар кеңесі құрамының Орталық алдында тұрған міндеттер

тұрғысынан оңтайлы болуы (дағдылар, тәжірибе теңгерімі, құрамның әртүрлілігі, объективтілік, Орталықтың проблемалары мен құндылықтарын түсіну);

2) Директорлар кеңесінің бірыңғай орган ретінде жұмыс істеуі, Директорлар кеңесінің және Басқарма басшысының Орталық қызметіндегі рөлі;

3) Директорлар кеңесінің Орталықтың Жалғыз акционерімен, Басқармасымен және лауазымды адамдарымен өзара іс-қимылының тиімділігі;

4) Директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысының тиімділігі;

5) Директорлар кеңесінің комитеттері (бар болған кезде) қызметінің тиімділігі және олардың Директорлар кеңесімен, Басқарма мүшелерімен өзара іс-қимылы;

6) Директорлар кеңесіне берілетін ақпарат пен құжаттардың сапасы;

7) Директорлар кеңесіндегі, комитеттердегі (бар болған кезде) талқылаулардың сапасы;

8) корпоративтік хатшы қызметінің тиімділігі;

9) тәуекелдерді анықтау және бағалау процесі;

10) Директорлар кеңесіндегі талқылаулардың сапасы, акционермен және өзге де мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл.

90. Бағалауды Директорлар кеңесі міндетті тәртіппен жыл сайынғы негізде жүргізеді. Бағалау тәсілдері өзін-өзі бағалау немесе бағалау сапасын арттыру үшін тәуелсіз консультантты тарту болып табылады.

Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің барлық құрамын немесе оның жекелеген мүшесін қайта сайлау, Директорлар кеңесінің құрамын және Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы мөлшерін қайта қарау үшін негіз бола алады. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерінің қызмет нәтижелерінде елеулі кемшіліктер болған жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасына Жалғыз акционермен консультациялар өткізу ұсынылады.

Директорлар кеңесі жыл сайынғы жылдық есепте Директорлар кеңесіне бағалау жүргізу тәсілін және оның нәтижелері бойынша қабылданған шараларды көрсетеді.

Директорлар кеңесі мүшелері қызметінің тиімділігінің өзіндік бағасы мынадай өлшемшарттарды қамтиды:

- Директорлар кеңесінің, құрамына Директорлар кеңесінің мүшесі кіретін Директорлар кеңесі комитеттерінің жауаптылығы саласына кіретін мәселелердегі құзыреттілік;

- саланы және бизнесті, саланы енгізу аясының ерекшеліктерін білу;

- Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстарына қатысу;

- Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарында талқылауға қатысу дәрежесі;

- Директорлар кеңесі отырыстарындағы белсенділік және шешімдер қабылдау процесіндегі дауыс беру сипаты, сондай-ақ Директорлар кеңесінің отырыстарына шығарылатын материалдарды қарау мерзімдерін сақтау

(материалдарды карау және Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген мерзімдерде Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына қол қою);

- конструктивизм және шешімдерді іздеуге бағытталу.

Бағалау Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің осы Ережеге № 6 қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті сауалнаманы толтыру жолымен жүргізіледі.

91. Бағалау жүргізу процесін Директорлар кеңесінің төрағасы ұйлестіреді. Бағалау (сауалнама) қорытындылары корпоративтік хатшыға бағалау қорытындыларын шығару мақсатында Директорлар кеңесінің төрағасына одан әрі беру үшін беріледі.

Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесі мүшелерінің ғана қатысуымен өтетін жабық отырыста талқыланады.

92. Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері мен жекелеген мүшелері жұмысының тиімділігін бағалауды жүргізу нәтижелері белгілеген тәртіппен және мерзімдерде Жалғыз акционерге жіберілетін, Қоғамның жылдық есебіне енгізілетін Директорлар кеңесінің жылдық есебіне енгізіледі.

93. Жалғыз акционер Директорлар кеңесіне өзіндік бағалауды дербес немесе тәуелсіз консультантты тарта отырып жүргізе алады. Директорлар кеңесі дербес жүргізген бағалау нәтижелері, Орталық қызметінің нәтижелері, акционердің үміттерінің орындалу және өзге де факторлар назарға алынады.

94. Жылдық есепті Басқарма дайындайды және оны Директорлар кеңесі есепті жылдан кейінгі жылдың 6 (алтыншы) айынан кешіктірмей бекітеді. Директорлар кеңесі Жалғыз акционерге Орталықтың қызметі және Директорлар кеңесінің атқарған жұмысы туралы жылдық есепті ұсынады.

Жылдық есеп мүдделі тараптар үшін негізгі ақпарат көздерінің бірі болып табылады және жақсы құрылымдалған және көрнекі түрде қабылдануы тиіс.

95. Жылдық есептің мазмұнына қойылатын талаптар жоқ дегенде мынадай ақпараттың болуын болжайды:

1) Орталық туралы: жалпы мәлімет;мынадай: шығарылған акциялардың (қатысу үлестерінің) саны мен номиналды құны, акциялармен берілетін құқықтардың сипаттамасы, жарияланған, бірақ орналастырылмаған акциялардың саны мен номиналды құны, акционерлердің (қатысушылардың) құрамы және оларға тиесілі қарапайым акциялардың (қатысу акцияларының) саны мен үлесі, меншік құқығына билік ету тәртібі; миссиясы; даму стратегиясы, оны іске асыру нәтижелері; нарыққа шолу және нарықтағы жағдайы туралы мәліметтерді қоса алғанда, жарғылық капиталының құрылымы туралы;

2) есепті жылдағы қаржылық және операциялық қызметтің нәтижелері: қойылған міндеттерге қатысты қызметті шолу және талдау; қызметтің операциялық және қаржылық көрсеткіштері; негізгі елеулі оқиғалар мен жетістіктер; елеулі мәмілелер туралы ақпарат; мемлекеттен алатын/алынған кепілдіктерді және Қоғам өзіне қабылдаған мемлекет пен қоғам алдындағы кез

келген міндеттемелерді қоса алғанда, кез келген қаржылық қолдау (егер ҚЕХС-ке сәйкес ашылмаса);

3) болашақ кезеңдерге арналған мақсаттар мен жоспарлар;

4) тәуекелдің негізгі факторлары және тәуекелдерді басқару жүйесі, тұрақты даму;

5) корпоративтік басқару: корпоративтік басқару құрылымы; директорлар кеңесінің құрамы, оның ішінде біліктілік, іріктеу процесі, оның ішінде олардың тәуелсіздігін айқындау өлшемшарттарын көрсете отырып, тәуелсіз директорлар туралы; директорлар кеңесінің, оның ішінде оның комитеттерінің (бар болған кезде) қызметі туралы есеп; корпоративтік басқару практикасының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаларына сәйкестігі туралы ақпарат, ал егер ол сәйкес келмеген жағдайда, әрбір қағидаттың сақталмау себептері туралытүсіндірме: Орталық Басқармасының құрамы; Басқарманың қызметі туралы есеп; лауазымды адамдарға сыйақы беру саясаты;

6) аудитордың қорытындысы және ескертпелері бар қаржылық есептілік;

7) жылдық есепке енгізілген талдамалық көрсеткіштер мен деректерде салыстырмалы талдауды және алдыңғы кезеңге қатысты қол жеткен прогресті (регресті) көрсету керек (өткен жылдың жылдық есебінде көрсетілген осындай көрсеткіштердің мәндерімен салыстыру).

13. Тәуелсіз директорларға сыйақы беру және олардың өз міндеттерін орындауына байланысты шығыстарды өтеу

96. Жалғыз акционердің шешімі бойынша Орталықтың Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындауы кезеңінде сыйақы төленуі және (немесе) Директорлар кеңесінің мемлекеттік қызметшілер болып табылатын мүшелерін қоспағанда, Орталықтың Директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін орындауына байланысты шығыстары өтелуі мүмкін.

97. Тәуелсіз директорларға сыйақы беру және олардың өз міндеттерін орындауына байланысты шығыстарын өтеу мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша Жалғыз акционер бекітетін Орталықтың тәуелсіз директорларына сыйақылар төлеу және олардың шығыстарын өтеу қағидаларында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

98. Орталық Заңға сәйкес Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы мөлшері туралы мәліметтерді ашады. Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы мөлшері туралы мәліметтер Орталықтың жылдық есебінде міндетті түрде ашылуға тиіс.

14. Қорытынды ережелер

99. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Орталықтың Жалғыз акционерінің шешімі бойынша енгізіледі.

100. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына және Орталықтың ішкі құжаттарына сәйкес шешілуі тиіс.

101. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасын немесе Орталықтың жарғысын өзгерту нәтижесінде Ереженің жекелеген нормалары оған қайшы келетін болса, Ереже Қазақстан Республикасының заңнамасына және Орталықтың жарғысына қайшы келмейтін бөлікте қолданылады.

102. Ереженің жекелеген нормаларының жарамсыздығы басқа нормалар мен Ереженің тұтастай жарамсыздығына әкеп соқпайды.

«Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н. Назарбаев орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ережеге
№ 1 қосымша

МІНДЕТТЕМЕ

Мен, _____(ТАӘ), «Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н. Назарбаев орталығы» КеАҚ-тың (бұдан әрі – Орталық) Директорлар кеңесінің мүшесі бола отырып, Орталықтың коммерциялық құпиясын құрайтын қызметтік ақпарат пен ақпараттың құпиялылығын сақтауға және оны Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігінде болу мерзімі ішінде және Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері тоқтатылғаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде Орталықтың ішкі құжаттарында белгіленген ережелерге сәйкес оны жария етпеуге және жеке мүддем үшін немесе үшінші адамдардың мүдделерінде пайдаланбауға міндеттенемін.

_____

Толық жазылған міндеттенушінің қолы, күні

_____

Толық жазылған Орталықтың Басқарма төрағасының қолы, күні

«Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н. Назарбаев орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ережеге
№ 2 қосымша

«Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н. Назарбаев орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің мүшесімен жасалған үлгі шарт

Нұр-Сұлтан қаласы 20__ жылғы «____»

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Басқарма төрағасы атынан _____ негізінде әрекет ететін «Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н. Назарбаев орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) бір тараптан және Қоғамның Жалғыз акционерінің _____ №_____ шешімі бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі (бұдан әрі – Директор) болып сайланған _____ мырза (ханым) екінші тараптан төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты:

1. Шарттың мәні

1.1. Осы Шарт бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына (бұдан әрі – заңнама), Қоғамның Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес директордың Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ Қоғамның директорға сыйақы төлеу және шартты орындауға байланысты шығыстарды өтеу міндеті белгіленеді.

1.2. Өзіне алған міндеттемелерді орындау кезінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғамның Жарғысын және ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

2. Директордың құқықтары

2.1. Директордың:

2.1.1. Қоғамның лауазымды адамдары мен органдарынан Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және Шарт талаптарын ескере отырып, өз функцияларын орындау үшін қажетті кез келген ақпаратты жазбаша түрде уақытылы алуға;

2.1.2. қызметтік үй-жайларды, байланыс құралдарын, Қоғам берген өзге де мүлікті Шартта, Қоғамның Жарғысында және ішкі құжаттарында көзделген функцияларды орындау үшін пайдалануға;

2.1.3. Директорлар кеңесінің отырысында Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын кез келген мәселелерді қарауға бастамашылық етуге, Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық отырыстарына қатысуға, қаралатын мәселелер бойынша өз пікірін білдіруге, заңнамада, Қоғамның жарғысында және ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беруге;

2.1.4. Қоғамның Жарғысында, ішкі құжаттарында және Шартта көзделген тәртіппен қоғамнан уақтылы сыйақы, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындауға байланысты шығыстардың өтемақысын алуға;

2.1.5. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында және басқа да ішкі құжаттарында көзделген өзге де құқықтары мен өкілеттіктерін пайдалануға құқығы бар.

3. Директордың міндеттері

3.1. Өз құқықтарын жүзеге асыру және міндеттерін орындау кезінде директор Қазақстан Республикасының заңнамасындағы талаптарды, сондай-ақ іскерлік әдеп нормаларын сақтай отырып, Қоғам мен Жалғыз акционердің мүддесінде адал, парасатты және әділ әрекет етуге тиіс.

3.2. Директор:

3.2.1. өз міндеттерін заңнаманың, Қоғамның Жарғысының және ішкі құжаттарының талаптарын ескере отырып орындауға;

3.2.2. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысуға, сондай-ақ Директорлар кеңесіне сырттай қаралған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру үшін қол қойылған, белгіленген тәртіппен рәсімделген бюллетеньдерді ұсынуға;

3.2.3. өзі сайланған Директорлар кеңесі комитеттерінің жұмысына жеке өзі қатысуға;

3.2.4. Қоғамның Директорлар кеңесінің және оның төрағасының өз құзыреті шеңберінде берген тапсырмаларын орындауға;

3.2.5. Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қоғамдағы ақпарат пен істің жай-күйін талдауға;

3.2.6. негізделген шешімдер қабылдауға, ол үшін қажетті ақпаратты толық көлемде зерделеуге (алдын ала ұсынылған және отырыстарға

байланысты материалдармен танысуға), қажетті ақпаратты жинау мен талдауды жүзеге асыруға, өз қорытындыларын, тұжырымдарын, ұсынымдарын дайындауға;

3.2.7. қоғамның назарына:

- негізгі жұмыс орны туралы (заңды тұлғаның толық атауын, бизнес-сәйкестендіру нөмірін, заңды мекенжайын көрсете отырып);

- төлқұжат деректері туралы;

- пошта мекенжайы, электрондық жәшіктің мекенжайы, тұрғылықты жері, байланыс телефонының нөмірі туралы ақпаратты;

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қоғам сұрататын өзге де қажетті ақпаратты жеткізуге;

3.2.8. Директорлар кеңесіне 2 (екі) күн ішінде мән-жайлардың өзгергені, нәтижесінде тәуелсіз директор болуды тоқтататы туралы хабарлауға.

3.2.9. мүдделер қақтығысына қатысты мынадай ережелер мен талаптарды сақтауға:

3.2.9.1. мүдделі деп танылуы мүмкін болжамды мәмілелер туралы мәліметтерді Директорлар кеңесінің назарына жеткізуге;

3.2.9.1. белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесінің төрағасына Қоғаммен байланысты мәмілелерде, шарттарда немесе жобаларда кез келген жеке коммерциялық немесе өзге де мүдделілік (тікелей немесе жанама) туралы дереу хабарлауға;

3.2.9.2. жеке немесе заңды тұлғалардан Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде директор қабылдаған немесе жасаған шешімдер немесе іс-әрекеттер үшін сыйақы болып табылатын немесе қарастырылуы мүмкін сыйлықтар, қызметтер немесе қандай да бір артықшылықтар алмауға;

3.2.9.3. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін атқаруына байланысты директорға белгілі болған қызметтік ақпаратты және коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеуге, сондай-ақ оны Директорлар кенесі мүшесінің міндеттерін орындау кезеңінде де, Шарттың колданылу мерзімі аяқталғаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде де өз мүдделерінде немесе үшінші тұлғалардың мүлдделерінде пайдаланбауға;

3.2.9.4. Қоғамның үй-жайларында міндеттерді орындау кезінде Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген және қауіпсіздік режиміне және қызметтік ақпаратпен және қоғамның коммерциялық құпиясын құрайтын ақпаратпен жұмыс істеуге байланысты қағидалар мен рәсімдерді сақтауға;

3.2.10. Қоғамның корпоративтік басқару кодексінің ережелерін сақтауға;

3.2.11. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында және ішкі құжаттарында көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

4. Қоғамның құқықтары

4.1. Қоғамның:

4.1.1. директордан Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның жарғысында, басқа да ішкі құжаттарында және Шартта көзделген Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін тиісінше орындауын талап етуге;

4.1.2. белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесінің барлық құрамының немесе директордың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылданған жағдайда, Шартты кез келген уақытта мерзімінен бұрын бұзуға;

4.1.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында және ішкі құжаттарында көзделген өзге де құқықтарды пайдалануға құқығы бар.

5. Қоғамның міндеттері

5.1. Қоғам:

5.1.1. директорға осы Шартта көзделген сыйақыны уақтылы және толық көлемде төлеуге, оның Директорлар кеңесі мүшесінің және оның комитеттерінің міндеттерін орындауына байланысты шығыстарды өтеуге;

5.1.2. директорға Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, оның міндеттерін тиісінше орындау үшін қажетті ақпаратты, материалдар мен құжаттарды уақтылы ұсынуға;

5.1.3. қажет болған жағдайда директорға аудармашының қызметін, үй-жайды, байланыс құралдарын және Қоғамның Директорлар кеңесінің күндізгі отырысына қатысу кезінде оның міндеттерін орындау үшін өзге де қажетті техникалық көмекті ұсынуға;

5.1.4 Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында, ішкі құжаттарында көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

6. Директорға қызметтерді төлеу

6.1. Директорлар кеңесі мүшесінің және Қоғамның Директорлар кеңесі комитетінің міндеттерін орындағаны үшін директор Қоғамнан Жалғыз акционердің шешімімен айқындалатын мөлшерде тіркелген сыйақы алады.

6.2 Директорға Жалғыз акционердің шешімімен анықталған мөлшерде Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің елді мекеннен тыс отырыстарына директордың тұрақты тұратын жерінен шығуына байланысты шығыстарға өтемақы төленеді.

6.3. Қоғам шығыстарды өтеуді Қоғамның Жалғыз акционері бекітетін Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен растайтын құжаттарды ұсыну бойынша жүргізеді.

6.4. Директорға сыйақы және/немесе өтемақы банк карт-шотына немесе директор көрсеткен есеп айырысу шотына аударылады. Банкке шотқа қызмет көрсету бойынша сыйақыны директор дербес төлейді.

6.5. Қоғамның директордың пайдасына жүзеге асыратын барлық төлемдері теңгемен жүзеге асырылады.

6.6. Директорға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді ұстап қалу сыйақыларын және өтемақыларын төлеу кезінде Қоғам Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Директор өзінің іс-әрекетімен (әрекетсіздігімен) Қоғамға келтірілген залал үшін, оның ішінде директор Шарттың ережелерін бұзған кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша Қоғам алдында жауапты болады.

7.2. Егер ол Қоғамға зиян келтірген шешімге қарсы дауыс берсе немесе мұндай дауыс беруге қатыспаса, Директор жауап бермейді.

8. Шарттың қолданылу мерзімі және оны тоқтату талаптары

8.1. Шарт оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және өз күшін директорды Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі етіп сайлаған күннен бастап туындаған Қоғам мен директор арасындағы қатынастарға таратады және директорлың өкілеттігі тоқтатылған күнге дейін қолданылады.

8.2. Қоғамның уәкілетті органының шешіміне сәйкес Қоғамның директормен Шартты кез келген уақытта мерзімінен бұрын бұзуға құқығы бар. Директор сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесіне жазбаша хабарлама жіберілген жағдайда Шартты бұза алады.

8.3. Шарттың қолданысын тоқтату күні мынадай екі күннің неғұрлым бұрынғысы болып табылады: Директорлар кеңесінің немесе директордың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы мәселе бойынша шешім қабылданған күн не Қоғамның Директорлар кеңесінің өз бастамасы бойынша өз өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы директордан хабарлама алған күні.

8.4. Шарт мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда директорға сыйақы мен өтемақы шығыстары шарт тоқтатылған күнге дейін төленеді.

9. Шартқа толықтырулар

9.1. Шартқа қатысты Тараптардың барлық толықтырулары мен хат алысуларын курьерлік қызметтер факс және/немесе e-mail бойынша беруі мүмкін. Алу кезінде материалдардың алынғанын жазбаша растау қажет.

9.2. Барлық материалдар мен хат алмасу мына мекенжайға жіберілуі керек:

Қоғам үшін:

Мекенжайы:
Факс нөмірі:
Электрондық пошта:
Атына: «Басқарма төрағасының назарына»;
Директор үшін: _____
Мекенжайы: _____
Факс нөмірі: _____
Электрондық пошта: _____

9.3.Шарттың талаптарын өзгерту және толықтыру Тараптардың қосымша келісімімен ресімделеді, оған тараптар қол қойғаннан кейін Шарттың ажырамас бөлігіне айналады.

10. Қорытынды ережелер

10.1. Шарт Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан және Жалғыз акционер үшін бір данадан үш данада жасалды.

10.2. Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғамның Жарғысымен және ішкі құжаттарымен реттеледі. Шартқа қолданылатын құқық Қазақстан Республикасының құқығы болып табылады.

10.3. Шарттан туындайтын немесе оған қатысты кез келген даулар, қайшылықтар немесе талаптар Тараптар арасындағы келіссөздер арқылы шешілетін болады. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, аталған даулар, қайшылықтар немесе наразылықтар Нұр-Сұлтан қаласының соттарында қаралады.

11. Тараптардың деректемелері және қолдары

Қоғамнан:	Директоры:
	Паспорттың сериялық №
	берілген
	мекенжайы
	Т.А.Ә. (қолы)

«Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н. Назарбаев орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ережеге
№ 3 қосымша

«Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н. Назарбаев орталығы» КеАҚ
Директорлар кеңесінің _____жылға арналған
жұмыс жоспары

Р/с №	Мәселе	Мәселені Директорлар кеңесінің қарауына шығару негізі (құзыреті), Басқарма шешімінің күні және №.	Мәселені Орталықтың Директорлар кеңесінің қарауына шығару мерзімі (ай).	Орталықтың жауапты құрылымдық бөлімшесі	Жауапты адам (басшылық деңгейінде)	Нәтижесі (аяқтау нысаны)

«Конфессияаралық және өркениетаралықдиалогты дамыту жөніндегі Н. Назарбаев орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ережеге
№ 4 қосымша

«Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н. Назарбаев орталығы» КеАҚ Директорлар кеңесінің қатысу тәртібіндегі отырысына жазбаша пікір

Нұр-Сұлтан қаласы 20____жылғы «__» _____

«Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н. Назарбаев орталығы» КеАҚ (бұдан әрі – Орталық) Директорлар кеңесінің мүшесі: _____Т.А.Ә.

_____ негізінде Орталықтың Директорлар кеңесінің жоспарланған отырысына қатысудың мүмкін болмауына байланысты_____ _____отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз ұстанымымды ұсынамын.

Ұсынылған 20____ жылғы «___» _____ № _____ хат-хабарламаға және материалдарға сәйкес отырысын 20___ жылғы «____» _____ Нұр-Сұлтан қаласы, _____көшесі мекенжайы бойынша өткізу жоспарланған Орталықтың Директорлар кеңесінің қарауына мынадай мәселелер шығарылды:

1. _____
2. _____
3. _____

№ 1 мәселе. «_____».

Мәселе бойынша пікір «_____»

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша дауыс беремін:

☐ ЖАҚТАП ☐ ҚАРСЫ (ерекше пікір) ☐ ҚАЛЫС ҚАЛДЫ (ерекше пікір)

Ескертпе: «қарсы» немесе «қалыс қалды» деп дауыс берген жағдайда, Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің ерекше пікірін білдіруге тиіс, ол жеке қоса беріледі немесе өз ұстанымын қысқаша білдіреді.

№ 2 мәселе

«_____».

Мәселе бойынша пікір «_____»

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша дауыс беремін:

☐ ЖАҚТАП ☐ ҚАРСЫ (ерекше пікір) ☐ ҚАЛЫС ҚАЛДЫ (ерекше пікір)

Ескертпе: «қарсы» немесе «қалыс қалды» деп дауыс берген жағдайда, Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің ерекше пікірін білдіруге тиіс, ол жеке қоса беріледі немесе өз ұстанымын қысқаша білдіреді.

№ 3 мәселе. «_____»

Мәселе бойынша пікір «_____»

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша дауыс беремін:

☐ ЖАҚТАП ☐ ҚАРСЫ (ерекше пікір) ☐ ҚАЛЫС ҚАЛДЫ (ерекше пікір)

Ескертпе: «қарсы» немесе «қалыс қалды» деп дауыс берген жағдайда Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің ерекше пікірін білдіруге тиіс, ол жеке қоса беріледі немесе өз ұстанымын қысқаша білдіреді.

«Конфессияаралық және
өркениетаралық диалогты дамыту
жөніндегі Н. Назарбаев орталығы» КеАҚ
Директорлар кеңесінің мүшесі

Т.А.Ә. _____ 20 **жылғы « »** _____ **«қолы»**

Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н. Назарбаев орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ережеге
№ 5 қосымша

«Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н. Назарбаев орталығы» КеАҚ
Директорлар кеңесі мүшесінің сырттай дауыс беру бюллетені

Нұр-Сұлтан қаласы 20____жылғы «____»
_____

Директорлар кеңесінің мүшесі _____

«Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н. Назарбаев орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Орталық) атқарушы органының (басқармасының) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, _____ қаласы, _____көшесі.

Орталықтың Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беруі үшін бюллетеньдерді ұсыну және есептеу орны: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, _____ к-сі, _____.

Қол қойылған бюллетеньді корпоративтік хатшыға ұсынудың соңғы күні мен уақыты: 20___ жылғы «___»_____17 сағат 00 минут.

Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беруіне арналған бюллетеньдердің дауыстарын санау күні 20___ жылғы «____» _____ __ сағат __ минут.

Күн тәртібі:

1. _____
2. _____
3. .....

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша дауыс беру нәтижесі:

1. _____.

«жақтап»	«қарсы»	«қалыс қалды»	қолы

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша дауыс беру нәтижесі:

2. _____
_.

«жақтап»	«қарсы»	«қалыс қалды»	қолы

Бюллетеньді толтыру тәртібін түсіндіру:

Осы бюллетеньде дауыс беруге шығарылған мәселе бойынша Директорлар кенесінің мүшесі күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша тиісті «жақтап», «қарсы», «қалыс қалды» деген бағандарға қол қояды.

«Қарсы» немесе «қалыс қалды» деп дауыс берген жағдайда, Директорлар кенесінің мүшесі өзінің ерекше пікірін білдіруге тиіс, ол жеке жазбаша нысанда қоса беріледі.

Осы бюллетеньде өзімнің дауыс беруімді және осы сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдегі белгілердің дұрыстығын растаймын:

20 жылғы «___» _____

_____ _____

(қолы) (Т.А.Ә.)

«Конфессияаралық және оркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н. Назарбаев орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ережеге
№ 6 қосымша

Директорлар кеңесі мүшелерінің жұмысын бағалауға арналған сауалнама

1. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі құпиялылықты сақтаған жағдайда толтырады.
2. 1-ден 3-ке дейінгі шкілде мынадай мәселелер туралы сіздің пікіріңіз қандай балға сәйкес келетінін белгіленіз:
3. 1-Қанағаттанарлық;
4. 2-Жақсы;
5. 3-Өте жақсы.
6. Сауалнаманы толтыру қорытындысы бойынша 1 (қанағаттанарлық), 2 (жақсы), 3 (өте жақсы) деген белгісі бар сұрақтардың жалпы саны, сондай-ақ түсініктемелер, ұсынымдар, тілектер және т. б. тізбесі шығарылады.

Директордың Т.А.Ә.	1 Директор	2 Директор	3 Директор
Кәсіби тәжірибе			
Саланың ерекшелігін білу			
Іскерлік пікірлер			
Стратегиялық көзқарас			
Адалдық			
Отырыстарға қатысу			
Отырыстарға дайындық			
Командада жұмыс істеу			
Белсенді қатысу			
Директордың түсініктемелері: Бұл бөлімде Директор оның өз дағдылары мен білімдерін көрсетуге қандай факторлар кедергі келтіретінін, оның Директорлар кенесінің отырыстарына, өзінің білімін жетілдіру қажет			

салаларға (бағыттарға) қатысу деңгейіне әсер ететінін және т.б. атап өте алады.